

А.Ш. Тлеулесова¹, Э.А. Утеубаева², М.Т. Абикенов^{3*}

^{1,2,3}С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан
(*Хат - хабарларға арналған автор. E-mail: tleulesova.ardak@mail.ru)

ORCID0000-0002-3471-6109

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы негізіндегі өзекті мәселелер

Мақалада президентіміз Қ.-Ж.К. Тоқаевтың соңғы жолдауында көрсетілген мақсатты мәселелерге сәйкес, елімізде сапалы білім берудің өзекті жолдарына педагогикалық негіздемелер жасалған. Білімді ұлт — келешектің негізі. Сондықтан сапалы білім беру жолдарын педагогикалық тәжірибе — Жаңа Қазақстанда білім берудің мазмұны және оның негізгі баспалдақтары қарастырылған. Сонымен қатар сапалы білім берудің негізгі мазмұны талқыланған, сапалы білім берудегі жұмыс жоспары, оқыту бағдарламаларына негізделген оқулықтар материалдары сараланған. Сапалы білім беру мазмұнының іріктеу өлшемдері мен білім беру мазмұнына да жан-жақты талдаулар жүргізілген. Авторлар сапалы білім берудің бағдарламалық тәсілдерінің бірнеше түрлерін көрсеткен. Ол тәсілдерді екі түрге — шоғырландыру тәсілі және сызықтық тәсілдерге бөлу негізінде алған. Сондай-ақ қазіргі Жаңа Қазақстанда жалпыға бірдей орта білім беруді дәйектілікпен жүзеге асыру міндеттемесі көрсетілген. Ұлттық педагогиканың озық дәстүрлері негізінде құрастырылатын оқулық мазмұнына баса көңіл бөлу қажеттілігі де айтылған. Теория мен практика негіздерін ұштастыру да назарда болған. Мақалада оқыту процесінің қозғаушы күштері талданып, танымдық міндеттер, құбылыстарды қабылдау, оқушының қиялы, ой елегінен өткізу, дағды мен іскерліктерді дамыту негіздері сөз болған. Сапалы білім беру негізіндегі оқу мотивтерінің орын ерекшелігі талданып, танымдық ынта мәселесі жан-жақты зерттелген.

Кілт сөздер: білімді ұлт, білім беру мазмұны, сапалы білім, бағдарламалық тәсіл, шоғырландыру тәсілі, сызықтық тәсіл, теория мен практика, оқыту процесі, оқыту мотиві, танымдық ынта.

Кіріспе

Президентіміз Қ.-Ж.К. Тоқаев арнайы халыққа арнаған Жолдауында еліміздегі білім алушы жастарға сапалы білім беру мәселесі сараланып, бүгінгі заман талабына сай білім мазмұнын жетілдіруге назар аударған. Жолдау негізінде сараланған ой тұжырымдамаларына назар аударсақ, онда туған тіліміздің жоғары бағалану дәрежесінің нығаюы, ұлттық мектептердің кеңінен ашыла түсуі, яғни пән мұғалімдеріне күрделі міндеттерді жүктеуге баса көңіл аудару мәселелері алдыңғы орында тұр. Мұндай міндеттердің бірі — оқытуды жаңаша ұйымдастыру, әрбір пәннің ғылыми сипатын арттырып, ұлттық деңгей дәрежесіне жеткізу, «жаңа буын» оқулықтарын сапалы негізде құрастыру, жарыққа шығару [1].

Қазіргі таңда баспадан жарыққа шыққан жаңа оқулықтар әрбір оқушыны шығармашылық, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытынды жасауға, адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, жүйелі оқуға жетелейді. Білім берудің негізгі бағыты — білім мазмұны, білім беру жүйесін дамыту, өмір сүру жағдайының объективті заңдылығы, жолдауда айтылып, нақтыланған тәрбиеленуші ұрпақтың адалдығына бағытталған жан-жақты, парасатты, дарынды «Қазақтың патриот азаматтарын» қалыптастыру болып танылады. Елімізде білім мен ғылымның дамуына оң ықпал ету үшін дүниежүзілік ғылыми кеңестерге қатысу, жалпылама және кәсіпке негізделген білім беруді нығайту және бала тәрбиелеу әрі оқыту мәселелерін демократиялық жолмен дамыту, жаңа бағыттағы білім беру жүйесін жаңа технологиялық әдістемелер аясындағы қадамдармен үйлестіру қажет. Жалпыға қолжетімді кәсіптік негіздегі жүйелі білімге, арнайы оқу орындарындағы оқыту процесін қамтитын бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге заман талабына сай жаңа талаптар негізі қойылуда. Бұл тұрғыда білім беруші оқытудың тиімді әдістерін таңдауда еркін таңдау жасай алады. Оқыту әдістемесіне қатысты әртүрлі бағыттарына өздерінің ғылыми зерттеу еңбектерін арнаған ғалымдарды атап айтсақ: Қ. Жүсіпов, Қ. Бітібаева, К. Өмірбаева, Д. Кәріжікова, Ж. Кобдикова, Ж.А. Қуанышбаева.

Қазіргі таңда елімізде кез келген өскелең ұрпақты ұлтына, жасына қарамай, жаһандық даму мүмкіндіктерін кемітпейтін, білімнің күрделі бағыт-бағдарын болжай алатын, өзінің мамандығы бойынша

білімнің терең иірімдерін игеретін, қолына алған жеке білімнің рухани қазынасын елінің, адамзаттың игілігіне жұмсайтын ұстаз — мектептегі басты тұлға ретінде саналуға тиісті.

Сонымен қатар, саналы адамзаттың дамуына ықпал ететін білімнің күрделі тілі мен отандық әдебиеттің сапалық негізі — білім беруші үшін ерекше орын алады және алуға тиісті де.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты — сапалы білім берудің жолдарын зерделеу. Білім сапасына тиімді оқыту әдістерін саралап және білім алушылардың интеллектуалдық ойын дамытуға бағытталған тиімді әдістерін ұсыну жаңа технологиялық әдістерге негізделген оқыту бағдарламасының сапалы білім беруге арналған жүйелі жолын таңдай білу әрі қолданысқа енгізу.

Мақала құрылымы сапалы білім беруде пәнді оқу барысында игерілген білімнің, оқу пәніне, ынтасына танымдық қызығуына байланысты берілетін ақпарат, ұсыныстардан, формалардан, зерттеу нәтижесін сараптау мен қорытындылаудан тұрады.

Жаңа Қазақстанда жаңа буын оқулықтары әрбір оқушының шығармашылықпен және өз бетімен жұмыс істеп, қорытынды жасай алуына, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, жүйелі білім алуға жетектейді. Білім мазмұнын жаңарту, білім беру жүйесін дамыту, жетілдіру өмір талабының объективті заңдылығы ретінде қабылдануға тиісті. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, білім беруді нығайтып, демократиялық тұрғыда жетілдіре түсу, жаңа қадамдарға орай оқыту жүйесін заман талабына сәйкес үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Демек, осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр.

Президент кезекті жолдауында: «Қоғамымызда болып жатқан өзгерістер білім беру салаларында елеулі серпілістер туғызды. Бұл әсіресе жалпы білім беретін мектептерде қойылып отырған жаңа талаптардан айқын көрінеді. Мұның өзі ең алдымен, оқушыларға белгілі бір білім негізіне қатысты деректерді жаттанды түрде оқыту дағдысынан арылуды қажет етеді. Ол үшін оқушылардың білімді сапалы түрде, саналы түрде өздігінен игеруге, шығармашылықпен ізденуіне бағыт беріп, жас ұрпақтың бойында өз ісіне деген жауапкершілік сезімін, еңбекке деген саналы қарым-қатынасты қалыптастырған жөн», – деп айқын белгілеген [1]. Бүгінгі таңда білімді ұлт қалыптасуының негізгі көзі — орта буын және жоғары сынып оқушыларына сапалы білім беруде жаңа технологияларды пайдалануға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға баса көңіл бөлінеді. Қазіргі жаңаша оқыту үрдісі сапалы білім берудің түрлерін, білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз ету негіз мәселе болып отыр. Осы талаптарға сәйкес әлеуметтік тәжірибенің мазмұны педагогикалық сын тұрғысынан қарастырылады.

Әдіс-тәсілдермен материалдар

Президенттің кезекті жолдауына сәйкес, еліміздің орта және кәсіптік білім беру орындарында жоғары оқу орындарында сапалы білім беруде білім беру бағдарламаларының маңыздылығы ерекше орында болатыны түсінікті жағдай. Аталған оқыту бағдарламаларын оқу процесіне енгізудің екі тәсілдік жолы бар. Олар: шоғырландыру мен сызықтық тәсілдері болып танылады. Елімізде өскелең ұрпаққа сапалы білім беру негізін сараласақ, онда арнайы мамандықтар негізінде оқу пәнін шоғырландырған тәсілмен игерту материалы неғұрлым жоғары теориялық дәрежеде пысықталуға тиісті. Шоғырландыра оқыту бойынша құрастырылған оқу материалын бұлайша орналастыру педагогикалық әдістемеді қабылданған сызықтық (түбегейлі) тәсілге қарама-қарсы түрде болып келеді. Аталған педагогикалық тәсіл негізінде оқу кезеңіндегі әрбір тақырыпты оқытудың келесі кезеңдерінде оған қайтадан оралып соқпастан сабақ берудің міндеттерінен туындайтын егжей-тегжейлік пен тереңдіктің дәрежесінде баяндалады.

Қазіргі заманауи талаптар бойынша оқыту үдерісіне негізделген жоғары оқу орындарына қазіргі қазақ әдебиетіндегі классикалық шығармаларды «Шоғырландыра оқыту» тәсілін алғаш енгізіп, дамытқан ғалымдардың бірі — Қуандық Мәшһүр Жүсіпов. Ғалымның қазақ әдебиетін оқытуда қолданған методикалық жаңа тәсілдері күні бүгінге дейін маңыздылығын жоғалтпай, қайта оралу қажеттігін туғызып отыр.

Ал ғалым Қ. Бітібаеваның пайымдауынша «Жалпы, шоғырланған тәсіл бастапқы оқыту құрылымының негізінде алынған. Орта буын және жоғары сыныптарда немесе жоғары оқу орындарының 1-2 курсына оқитын білім алушыларға ғылым негіздерін жүйелі және неғұрлым терең оқытуға әзірлейтін іскерлік пен дағды беріледі», – дейді [2]. Сондықтан жаңғырған негіздегі педагогика жаңалықтарын жаңа технологиялық ерекшеліктерге сәйкестендіріп қолдана білу білім берушінің оқыту мақсатына жетудің бірден-бір негізі болып саналады. Алға қойған белгілі бір мәреге жету — білім алушының өзі

арқылы жүзеге асырылады. Ал, білім беруші ұйымдастырушы, бағыт беруші адам ретінде қала береді. «Сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізгі мақсаты — оқушылардың ішкі жан дүниесінің, адамгершілік қасиеттерінің, жеке басының дұрыс қалыптасуына бағыт беру, сапалы білімді игеруге көмектесіп дем беруші болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруда деңгейлік-саралап оқыту технологиясы элементтерін қолдану жолдарын анықтау мәселесі де еңбектенудің өзегі түрінде танылады.

Белгілі әдіскер Қ. Бітібаеваның пайымдауынша «Елімізде сапалы білім беру үшін әрбір әдіскер жеке өзінің қолайлы оқыту әдісіне негізделген педагогикалық әдістемені жүзеге асыру мақсатында келесі жолдарды ұсынады. Олар: біріншіден, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеп, оларды әртүрлі типтегі топтарға бөлу; екіншіден, сапалы білім беру үдерістерінің барлық түрлерінде әртүрлі топтағы оқушыларды оқыту және дамыту әдістемесін белгілеу; үшіншіден, жаңа үлгідегі оқулықтар негізінде әртүрлі мақсаттағы жеке дидактикалық материалдар, төртіншіден, білімді бағалау мен бақылау жүйесін жетілдіру болып танылады».

Ғалымның ұстанған әдіснамасы негізіне назар аударсақ, онда білім алушыларды бөлу кезінде олардың оқу қабілеттері мен «икемділік, дағдылық» ерекшеліктері ескеріледі. Икемділік қабілеті деп оқушының аз уақытта жоғары білім деңгейіне жетуін айтады. Осы белгі бойынша оны оқуға қабілетті және төмен деп үш топқа бөлуге болады. Содан кейін кез келген уақытта оқыту процесіндегі курс деңгейіне сәйкес оқуды таңдап, сол бойынша мамандану мәселесі де қамтылған. Оқу әдістерін бірегей таңдау және пайдалану, оларды қашан қолдану және оқыту әдістерін таңдау әдістемесінің басқа да күрделі мәселелері туындауы заңды құбылыс. Сондықтан ұсынылатын тілдік материалдардың көлемін дұрыс талдап, жіктеу және ең маңызды мәселе — оларды топтастыру мен бөлу. Білім алушылар тілді практикалық-теориялық және теориялық-практикалық тұрғыдан талқылайды.

Сапалы білім беруде шоғырландыра оқытудың педагогикалық негіздемелерді ұстана отырып, келесі бағыттардың жүзеге асырылуы құптарлық мәселе ретінде саналады.

Біріншіден, шоғырландыра оқыту барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырудың маңыздылығын анықтау; шоғырлана оқыту тәсілі негізінде деңгейлік тапсырмалар түрлеріне тоқталу; деңгейлік-саралап оқыту технологиясы элементтерін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау жолдарын көрсету сияқты маңызды сәттерді ұтымды пайдалана білу ұстаздың шеберлігін шыңдай түседі. Жалпы сапалы білім беруде қолданылатын шоғырландыра оқыту тәсілі негізінде берілетін деңгейлік тапсырмалар түрлері, соның ішінде әдіскер-ғалымдардың зерттеулері, ғалымдардың оқытудағы, білім берудегі соңғы жетістіктері басшылыққа алынды. Арнайы түрде шоғырландыра оқыту тәсілдерінде қарастырылған тұжырымдар мен мәселелер қазақ тілін оқытудың әдістемесін теориялық тұрғыдан толығып жетілуіне мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жалпы білім беретін мектептерге, кәсіптік білім беретін оқу орындарына қойылып отырған жаңа талаптардан айқын сезіледі. Мұның өзі ең алдымен, оқушыларға белгілі бір білім негізіне қатысты деректерді жаттанды түрде оқыту дағдысынан арылуды қажет етеді. Ол үшін оқушылардың білімді сапалы түрде, саналы түрде өздігінен игеруге, шығармашылықпен ізденуіне бағыт беріп, жас ұрпақтың бойында өз ісіне деген жауапкершілік сезімін, еңбекке деген саналы қарым-қатынасты қалыптастырған жөн. «Сапалы білім беру аясында педагогика, психология ғылымдар, пәндер әдістемелері осы бағытта жұмыс істеудің дұрыстығын көрсетіп отыр. Сондықтан мектепте оқытылатын пәндерді жаңа технологиялар арқылы меңгерту тиімділігін көрсетуде Ж. Қараевтың ұсынған оқыту технологиясы бүгінде көп мектептерде, соның ішінде бастауыш мектептерде қолданылып, белгілі бір нәтижесін беруде», – деп көрсетеді ғалым Қ. Бітібаева [2].

Қазіргі уақытта дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде елімізде Болондық үрдіске сәйкестендірілген «Жаңартылған білімнің жаңа жүйесі» құрылуда. Білім саласында болып жатқан бұл ауқымды өзгерістер жаңаша бастамалар мен өзгерістерге кең жол ашуда. Осындай жағдаймен байланысты ойландыратын мәселенің бірі ретінде қазіргі тіл біліміндегі санамызға сіңісті болып қалған бірізді жазылған зерттеулерді саралап, зердемізге тоқи отырып, заман талабына сай инновацияланған тың деректерді назарға алып, зерттеулер жүргізу.

Бүгінгі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісіне жүктеліп отырған жаңаша талап, міндеттер жоғары оқу орны оқытушыларына да қойылуда. Сондықтан оқытушы іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру — бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Оқушылардың пән барысында игерілген білімнің, дағдының сапасы оқытушының біліміне, ұйымдастыру қабілетіне, ізденгіштігіне т.б. қасиеттеріне қатысты болуымен қатар оқушылардың белсенділігіне, оқу пәніне, ынтасына танымдық қызығуына да тікелей байланысты екендігі белгілі. Оқыту мен тәрбиелеуге өзгерістер енгізу, олардың сапасын арттыру болып табылады.

Ғалым К. Өмірбаева: «Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу — оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, оқушы өз қабілетіне қарай білімін дамытуға болады. Жаңа технологияда мұғалім барлық оқушыларды назарынан тыс шығармауға, олардың білімдеріндегі олқылықтарын дәл мерзімде анықтауға мүмкіндік берсе, оқушылар сабақ үстінде мұғаліммен тең дәрежеде еркін сөйлесуге, бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Жаңа технологияның ерекшелігіне кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегіне өткізіп барып қабылданатындығы, топтық не ұжымдық талқылаулар түрлерінде игерілетіні сабақтарда білім беріп, икем-дағды қалыптастыруы, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етуі, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауы жатады», – деп көрсетеді [3].

Заманауи үлгіге негізделген оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен терең ойластырылған, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі ретінде танылады. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзіне-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Қазіргі таңдағы сапалы білім беруде шоғырландыра оқыту тәсілі арқылы жас ұрпаққа саналы білім беру, соның ішінде әр типтегі топтардағы деңгейлік саралап оқыту да білім алушылардың оқу сапасын жақсартады, оқушылардың дамуына, дүниетануына, танымдық тәжірибе алуларына көп мүмкіндік беріп, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге жағдай жасайды.

Әдіскер Д. Кәржікова: «Жалпы білім беру саласында жаңа саяси ұстанымды кезең-кезеңімен жүзеге асыру егемен еліміздің әл-ауқатының көрінісі. Бұл білім саласының өркендеуінің көрінісі. Ол әлемдік білімге ену. Өркениетті елдермен тең болу үшін еліміздің білім беру саясаты білім беруді демократияландыру және ізгілендіру арқылы оны жаңа біліктілік деңгейіне көтеруді көздейді», – деп тұжырымдайды [4].

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың бойындағы таланттарды байқап, шыңдау, олардың одан әрі дамуына жол ашып, бағыт-бағдар беру — өзекті мәселе. Қалай болғанда да, ілгерілеудің алғы шарты сапалы білім берудің шартты құбылысы болып танылады. Шоғырландыра оқыту барысында білім алушыларды қарқынды оқыту әдісіне негізделген деңгейлеп-саралап оқыту әдісі оқушылардың оқу ынтасын арттырып қана қоймайды, сонымен қабат білім алушының дарындылығын байқауға, шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда білім берудегі біркелкіліктен бас тартып, көпсалалы білім беру жүйесіне көшкен жағдайда оқушылардың жеке танымдық ерекшеліктерімен қатар топтық ерекшеліктерін ескеретін сараланған білім беруді ұйымдастырудың ерекше және өзекті қажеттілігі туындайды. Бұл бүгінгі мектеп өміріндегі мәселе. Сол себепті мектептің жаңа құрылымы бойынша базалық буыннан кейін жеке пәндерді оқытуда бағдарлы оқыту мен деңгейлік дайындықты ұштастыру қажет. Ж. Кобдикова «Бұл концептуалды-нормативтік деңгейде біршама жұмыстар атқарылғанымен, оның дидактикалық және әдістемелік мүмкіндіктері нақтыланбаған» деп тұжырымдайды [5]. Осы тұрғыдан алғанда, саралап оқытуды ұйымдастырудың мүмкіндіктерін ашу — пысықтауды қажет ететін мәселелердің бірі. Жанаша оқу жоспарында көрсетілген білім мазмұнының құрамы мен құрылымын жетілдірудегі негізгі мақсат — оқушылардың талап тілегіне сай саралай отырып тереңдетіп оқыту.

Шоғырландыра оқыту тәсілі негізінде оқу үрдісін саралап оқытуды жүзеге асыру мектеп ұжымының, мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда оқу үрдісін ұйымдастырудағы басты жаңалық: апталық сабақ кестесін құру және саралап оқытудың мақсатына сай тереңдетіп оқыту мен қоса білім беруге қойылатын талаптарды орындау үшін апталық сабақ кестесіне (барлық бағдарға ортақ) әр пән бойынша міндетті оқылатын білім көлеміне сай дәріс беретін күндер және тереңдетіп оқылатын сабақтарды өткізетін күндер нақтыланады. Демек, аптаның төрт-бес күні бәріне ортақ міндетті сабақтарды оқытуға жұмсалса, соңғы бір-екі күні тереңдетуге, не мамандық баулуға бағытталады. Мектептің жоғары сатысында сабақ кестесін осылайша құру жоғары сыныптардағы апталық жүктеменің санитарлық-гигиеналық нормаларға сай болуына және мұғалімдердің кесімді жүктемелерінің толық болуына мүмкіндік береді.

Шоғырландыра оқыту тәсілі негізінде арнайы жеке даралау негізде оқытуды қолдану — оқуды және біліктілікті игеру икемділігіне қатысты қабілеттілігіне орай құрастырылған пәндік бағдарлама

бойынша жүзеге асырылады. Жеке пәндерді оқыту барысында, сол сабақтың өзіндік ерекшелігі мен санаттылығы басты назарда болады. Нақты айтсақ, саралау формасының деңгейлік сатыларына баса назар аударылады. Әрбір пәнді оқытқан кезде оқушылардың қабілеттіліктерін ескере отырып, сабақты оқыту үрдісінде оқушының оқу нәтижелерін жоспарлау деңгейлік тапсырмаларды құрастыру, педагогикалық технологиялардың мән-жайын түсіндіру оқу ісіне жаңаша түр әкелген. Арнайы топтастыра оқыту тәсілі негізінде саралай оқыту әрекеті сапалы біліктілік беруге арналған негіз болып саналады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, аталған әдістемелік білім беру әрекеті әр оқытушының жеке шеберлігіне байланысты, әрі өз бетінше және мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады [6].

Сонымен сапалы білім берудің басты бағыттары материалдық жүйе ретінде тақырып мазмұнындағы ерекшеліктерді оқыту; қажетті материалдардағы мақсатты айырмашылықтарды анықтау; берілген тәсілдердегі негізгі оқыту ұстанымдарындағы ерекшеліктерді ескеру; әдіс-тәсілдегі ерекшеліктер; оқытуды өзгеше ұйымдастыру; ұстаз еңбегінің нәтижелілігін анықтаудың жаңа көрсеткіштері; оқушы мен ұстаздың арасында қалыптасқан қатынас негіздерін анықтау ретінде танылады. Материалдық тұрғыда қарағанда, даралап білім беруді қолдану негізінде білім алушының ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті дамып, жақсы нәтижеге жетеді. Аталған әрекетті жүзеге асыру мақсатында оқушының білімді меңгеру деңгейін зерттеуі керек. Ал үлгерімі нашар білім алушыларға нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы жүзеге асыруда білім беруде топтастырып оқытудың негізгі (бағдарлап оқыту) және қосымша (деңгейлік дайындық) формаларын біріктіре білудің сапалы нәтиже беретіні белгілі.

Нәтижелер және оларды талқылау

Жаңа Қазақстанда сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін әр әдіскер оқыту әдістемесіне негізделген өзіндік әдістемесін қолдануды ерекше атап көрсетеді. Біріншіден, оқушылардың жеке қасиеттерін зерттеп, оларды типтік топтарға бөлу; екіншіден, сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында оқу-тәрбие процесінің әр кезеңінде әртүрлі топтағы оқушыларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту әдістемесін анықтау; үшіншіден, жаңа оқулықтар негізінде әртүрлі мақсаттағы жеке дидактикалық материалдар жүйесін құру; төртіншіден, ақпаратты бағалау және бақылау жүйелерін жетілдіру.

Оқушыларды әртүрлі топтарға бөлгенде олардың оқу қабілеті басты назарда болады. Оқушының білім алу қабілеті арқылы біз оқушының аз уақытта жоғары білім деңгейіне жетуін түсінеміз. Осы белгілер бойынша жұмыс қабілеттілігін жоғары, орташа және төмен деп үш топқа бөлуге болады. Сол себепті сабақ барысында олардың әрқайсысының деңгейіне қарай оқу түрін таңдап, сол пәнді меңгеру өте пайдалы болады. Әрине, оқыту әдістерін таңдау және пайдалану, қашан қолдану керек және оқу үрдісінің қиын және күрделі мәселелері, қандай материалға байланысты оқыту әдістерін таңдау. Сондықтан білім алушыларға ұсынылатын оқу материалдарының жалпы көлемін дұрыс талдап, саралау өте қажет. Оқушыларға берілетін білім мазмұнының көлемі мен ғылыми сапасын сараптау білім беру әдістерін қолдануды жеңілдетеді. Топтастыру және жіктеу — жаңа технологиялық ерекше оқыту әдістерін қолданудағы ең маңызды мәселе. Оқушылар тілді практикалық-теориялық және теориялық-практикалық тұрғыдан меңгереді. Қазақ тілін оқыту әдістемесін топтастыру әдістемесінің соңғы жетістіктеріне негізделген.

Т. Мейірманқұлованың айтуынша «Білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша беріледі. Білім мен білік қазақ оқулығы бойынша қалыптасады, білім мен білік арнайы таңдалған дидактикалық материалдар — диктант, мазмұн, үлестірмелі материалдар және түрлі көрнекі құралдар негізінде жинақталады» [7].

Қазақ тілін оқыту әдістемесі белгілі әдіскер ғалымдардың әдістемелік көзқарастары бойынша жіктеледі. Оқыту әдістемесінің жүйесі, оқыту процесінде топтастыру мен жіктеудің орны маңызды. Оның классификациясы білім беруші үшін де, білім алушы үшін де, танымдық іс-әрекет үшін де үлкен маңызға ие.

Сапалы білім беру аясындағы әдістемелік зерттеуде оқытудың әртүрлі әдістерін топтастыру жүйесі бар. Олардың кейбірін талдайтын болсақ, олар тіл үйретуге қатысты үш топқа бөлінеді: Біріншіден, тілді теориялық тұрғыдан меңгерту әдісі; екіншіден, теориялық-практикалық әдіс; үшіншіден, олар практикалық әдістер ретінде жіктеледі.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын негізге ала отырып, сапалы білім беруде келесі ерекшеліктерді ескерген жөн. Саралап айтсақ: Білім беру ресурстарына сәйкес қазақ тілін практикалық тұрғыдан оқыту әдістемесі — түсіндіру, диалог, монологтік сөйлеуді оқыту әдістемесі, оқу мазмұны; қазақ тілін теориялық тұрғыдан оқыту әдісі — әңгіме, әңгімелеу, мәнерлеп оқу. Сонымен қатар, қазіргі

таңда өте қажет қолданбалы жағдай — кітаптармен жұмыс істеу әдісі; теориялық және практикалық тұрғыдан қазақ тілін үйренудің әдісі — грамматикалық талдау ретінде ерекшелуге болады [8].

Қазіргі кезеңде ана тілін оқыту әдістемесінің негізгі мәселелерін зерделеу — сапалы білім берудің жаңа әдістемесінің басты міндетіне айналады. Бұл мақсатқа қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты жазылған құнды зерттеулер арналады. Қазақ тілін саналы және тиянақты білуді тәжірибеде сапалы түрде іске асыруда жүйелі жұмыс режимі үлкен рөл атқарады. Сондықтан әдістемелік ережелерге сәйкес өнімді әдістерді жүргізу мақсаты қарастырылған. Жоғарыда аталған әдістерді жүзеге асыру арнайы таңдалған материалдар негізінде жүргізілетін жұмыстың психологиясына байланысты. Әдісті қолдану жүйесі білім алу көздеріне сүйене отырып, жұмыстың негізгі тенденцияларын ұсынады. Олар: «Жаңа технологиялық негіздегі әдісті сапалы білім беруде іске асыру жүйесі объектіні игерудің психологиялық тәсілдеріне қатысты. Осы уақытта оқытылатын материалдар уақыт өте келе жаңғырып отыруға, жаңа ойлар мен жаңа идеялардың туындауына негіз болуға тиісті» [9].

Мысалы, сапалы білім беру аясында тіл үйрету мәселесін басшылыққа алатын болсақ, қазіргі қазақ тілінде белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өту барысында бірқатар әдіс-тәсілдер біріктіріліп, байып, өзара байланысып отырады. Сондықтан мұндай жағдайда берілген әдіс екі түрлі қызмет атқарады. Олар: толық элемент әдісі және аралас элементті әдістер болып саналады. Осылайша студенттерге теориялық білім мен практикалық дағдыларды беруде жетекші рөл атқарады және белгілі әдістер жүйесі аясында дараланады. Ал білім беруде аралас әдіс-тәсілдердің үлкен қатысы бар екені және әр әдістің элементтері өз орындарына қызмет ететіні сезіледі. Талдау элементтерін, түсіндіру әдістерін, қарым-қатынас жасау әдістерін, көрнекі әдістерді, материалды экспрессияда не жеткізілетінін есте сақтау үшін сөйлеу әдістерін біріктіру теориялық материалды меңгеруге жағдай жасайды [10]. Әдістемені қолдануда негізгі мақсаттармен бірге пәнге сәйкес көрсетілген принциптерді де ұмытпау керек. Мысалы, қазақ тілінде белгілі бір тапсырма тақырыптары сатылап оқытылады, соған орай қолданылатын әдіс элементтерін біріктіру арқылы түсіндіру, ұғындыру процестері жүзеге асырылады. Аталған қарапайым әдістер арқылы білім алушыға берілген тақырыптың әсерлілігі мен мәнерлілігін күшейте түсу болып саналады.

Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру, тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту. Ой, ойлану, ойлату барлық пәндерге де керек. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе — өзіндік пікірде жатыр [11]. Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделілігі де осында.

Сонымен қатар оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту және жазу дағдыларын жетілдіру үнемі назарда болады. Білім алушыларға өз бетімен жұмыс істеу белсенділігі мен саналылығын күшейту де маңызды негіздердің бірі ретінде танылады.

Қорытынды

Қорыта келгенде сапалы білім беру аясында қазіргі ана тілді оқытуда педагогикалық әдістің жаңаша түрде іске асырылу жүйесі — лингвистикалық фактілерді тірек етіп, психологиялық факторлар негізінде дидактикалық-методикалық принциптер бойынша жүзеге асады. Тәжірибелік негіздегі жұмыстарды орындауда түсініксіз сөздерді түсіндіру, ауызекі тілді дамыту, мәнерлеп оқу, қосымша әдеби кітаптармен жұмыс істеу және оны іс-тәжірибеде пайдалана білуге және олармен жұмыс істеу тәсілдері қолданылады. Теориялық негіздегі тілдік материалды оқыту кезінде келесі әдістер арқылы оқыту басты назарда болады. Нақты айтсақ, оқушылармен жеке түрде әңгіме жүргізу, хабарлама, практика, түсіндіру, кітапты пайдалану. Ал теориялық және практикалық мақсаттарда жүргізілетін әдістер жүйесіне: оқушылармен қазақ тілінің тақырыптарын талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту, тілдік тапсырмаларды баяндау, эссе жазу, орфографиялық талдау, көшіру, орфографияны оқыту, дұрыс сөйлеу дағдысына сіңіру, баяндау әдістерінің функцияларын түсіндіру, дұрыс айтылу ережелерін меңгерту, көрнекі құралды қолдану, поэтикалық өлеңдердің айтылуын үйрету, т.б. ерекшеліктер енеді.

Нәтижесінде тілді оқытуда жаңадан енгізілген педагогикалық әдіс жүйесі лингвистикалық әдістер мен дидактикалық-әдістемелік принциптерге негізделген психологиялық факторларға сүйенеді. Көп мағыналы сөздерді түсіндіру, сөйлеу тілін дамыту, мағыналы оқу, қосымша әдеби кітаптармен жұмыс істеу және оларды практикалық қолдану әдістерін меңгеру және пысықтау түрлері маңызды ұстанымдар ретінде танылады.

Зерттеу мақаламызды түйіндей келе, сапалы білім беру аясында ұлттық жобанда сапалы білім беру негізінде қазақ тілін оқытудың жаңа технологиялық әдістерін орынды қолдана білу ерекшеліктерімен

қатар, ұлттық нақыш негіздерін және адами қасиеттерді келешек ұрпақ санасына сіңіре білу мәселесін насихаттау, ұлттық сана, сөз байлығы, қазақи мәдениет негіздерін білім алушы бойына дарыта білу басты ұстаным ретінде танылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі. — 2022.
- 2 Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту негіздері: монография [Мәтін] / Қ. Бітібаева. — Өскемен: Интеллект. — 2009. — Б. 255.
- 3 Өмірбаева К. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушыларды дамыта оқыту жолдары [Мәтін] / К. Өмірбаева // Қазақстан мектебі. — 2001. — №3. — Б. 32–34.
- 4 Кәжіқова Д. Деңгейлік тапсырмалар арқылы қазақ тілін оқытудың тиімділігі [Мәтін] / Д. Кәжіқова // Қазақ тілі мен әдебиеті. — 2004. — №8. — Б. 16–18.
- 5 Кобдикова Ж. Деңгейлеп, саралап оқыту педагогикалық технологиясы [Мәтін] / Ж. Кобдикова // Қазақ тілі: мектепте, колледжде, ЖОО-де оқыту. — 2004. — №1. — Б. 35–37.
- 6 Қуанышбаева А. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану [Мәтін] / А. Қуанышбаева // Қазақстан мектебі. — 2002. — №5. — Б. 46–48.
- 7 Мейірманқұлова Т. Жаңа технологияны енгізу [Мәтін] / Т. Мейірманқұлова // Ұлағат. — 2006. — №5. — Б. 12–17.
- 8 Әбдіқалық К. Оқу әдістемесі өзімізде жасалған / К. Әбдіқалық, А. Ермахан // Қазақ әдебиеті. — 2021. — №3. — Б. 76–82.
- 9 Бұзаубекова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология [Мәтін] / К.Ж. Бұзаубекова. — Тараз: ТарМУ. — 2003. — Б. 257.
- 10 Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері / Ә. Қоңыратбаев. — Алматы: Мектеп. — 1970. — Б. 242.
- 11 Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі / Т. Жұмажанова. — Алматы: Білім, 2009. — Б. 288.

А.Ш. Тлеулесова, Ә.А. Утеубаева, М.Т. Абикенов

Актуальные проблемы на основе национального проекта «Качественное образование “Образованная нация”»

В статье даны педагогические обоснования актуальных методов качественного образования, о которых отмечено в Послании Президента К.-Ж.К. Токаева. Образованная нация — основа будущего. Авторы рассмотрели основное содержание качественного образования и привели результаты экспертизы планов работы по качественному образованию, материалов учебника на основе учебных программ. Также был проведен комплексный анализ критериев отбора качественного образовательного контента. В статье показано несколько типов программных подходов к качественному образованию. Они основаны на разделении методов на два типа — метод концентраций и линейный метод. Вместе с тем авторами показано стремление к последовательной реализации всеобщего среднего образования в Новом Казахстане. Подчеркнута необходимость акцентирования внимания на содержании учебника, составленного на основе лучших традиций народной педагогики. Большое внимание уделено связи основ теории и практики. Проанализированы движущие силы процесса обучения, рассмотрены познавательные задачи, восприятие явлений, размышление, воображение, основы развития навыков и умений обучающегося. Проанализированы особенности мотивов обучения на основе качественного образования, всесторонне рассмотрена проблема мотивации обучения.

Ключевые слова: образованная нация, образовательный контент, качественное образование, программный подход, метод концентрации, линейный метод, теория и практика, процесс обучения, мотив обучения, познавательная мотивация.

A.Sh. Tleulessova, E.A. Uteubayeva, M.T. Abikenov

Actual problems based on the national project “Quality Education “Educated Nation””

The article provides pedagogical justifications for the actual methods of quality education, which were noted in the State-of-the-Nation Address by President of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev. An educated nation is the basis of the future. In this article, the main content of quality education is considered and the results

of the examination of work plans for quality education, textbook materials based on curricula are given. A comprehensive analysis of the criteria for selecting high-quality educational content was also carried out. The article shows several types of programmatic approaches to quality education. These programmatic approaches are based on the separation of methods into two types – concentration method and linear method. At the same time, the article shows the desire for consistent realization of general secondary education in modern New Kazakhstan. The need to focus on the content of the textbook, compiled on the basis of the best traditions of folk pedagogy, is emphasized. Much attention is paid to the connection between the fundamentals of theory and practice. The article analyzes the driving forces of the learning process, considers cognitive tasks, perception of phenomena, reflection, imagination, the basics of developing the skills and abilities of the learner. The peculiarities of the motives of learning based on quality education are analyzed, the problem of motivation of learning is comprehensively considered.

Keywords: educated nation, educational content, quality education, program approach, concentration method, linear method, theory and practice, learning process, learning motive, cognitive motivation.

References

- 1 (2022). Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн Qazaqstan khalqyna Zholdaуy. Khalyq birligi zhane zhuieli reformalar — el orkendeuinin berik negizi [The message of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan. The unity of the people and systemic reforms are a solid foundation for the prosperity of the country] [in Kazakh].
- 2 Bitibaeva, Q. (2009). Qazaq adabietin oqytу negizderi: monografiya [Fundamentals of teaching Kazakh literature: monograph]. Oskemen: Intellect [in Kazakh].
- 3 Omirbayeva, K. (2001). Dengeilik tapsyrmalar arqyly oqushylardy damyta oqytу zholdary [Ways of developing students' learning through level tasks]. *Qazaqstan mektebi – School of Kazakhstan*, 3, 32–34 [in Kazakh].
- 4 Karzhikova, D. (2004). Dengeilik tapsyrmalar arqyly qazaq tilin oqytуdyn tiimdiligi [The effectiveness of teaching the Kazakh language through level tasks]. *Qazaq tili men adabieti – Kazakh language and literature*, 8, 16–18 [in Kazakh].
- 5 Kobdikova, Zh. (2004). Dengeilep, saralap oqytу pedagogikalyq tekhnologiiasy [Pedagogical technology of level and differentiated education]. *Qazaq tili: mektepte, kolledzhde, zhogary oqu oryndarynda oqytу – Kazakh language: teaching in school, college and university*, 1, 35–37 [in Kazakh].
- 6 Kuanyshbaeva, A. (2002). Zhana tekhnologiialyq adis-tasilderdi pidalanu [The use of new technological techniques] [Matin]. *Qazaqstan mektebi – School of Kazakhstan*, 5, 46 – 48 [in Kazakh].
- 7 Meiirmanqulova, T. (2006). Zhana tekhnologiiany engizy [Introduction of new technologies]. *Ulagat – Edification*, 5, 12–17 [in Kazakh].
- 8 Abdilyaq, K. & Ermakhan, A. (2021). Oqu aditemesi ozimizde zhasalghan [Teaching methods are developed in our country]. *Qazaq adabieti – Kazakh literature*, 16 aqpan [in Kazakh].
- 9 Būzaubekova, K.Zh. (2004). Zhaña pedagogikalyq tekhnologia [New pedagogical technology]. Taraz: Taraz memlekettik universiteti [in Kazakh].
- 10 Konyratbayev, A. (1970). Adabietti oqytу metodikasynyn ocherkteri [Essays on the methods of teaching literature]. – Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 11 Zhumazhanova, T. (2009). Adabietti oqytу aditemesi [Methods of teaching literature]. Almaty: Bilim [in Kazakh].